

**1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімге Еркін сауда режимінен алып қоюлар туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 671 Қаулысы

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.17. N 181 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімге Еркін сауда режимінен алып қоюлар туралы хаттаманың жобасы **мақұлданын.**

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтыру енгізуге рұқсат бере отырып, 1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімге Еркін сауда режимінен алып қоюлар туралы хаттамаға **қол қоюға өкілеттік берілсін.**

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.03.17. N 181 қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

ЖОБА

**1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімге Еркін сауда режимінен алып қоюлар туралы ХАТТАМА**

*(1998 жылғы 16 мамырда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің ережелерін басшылыққа ала отырып, мына төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасасты:

### **1-бап**

1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің 2-бабында көзделген алып қоюлар мыналарға:

1-қосымшаға сәйкес Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға;

2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасынан Өзбекстан Республикасына импортталатын тауарларға қолданылады.

### **2-бап**

1. Осы Хаттаманың 1-бабына сәйкес еркін сауда режимінен алып қоюлар қолданылатын тауарларға қатысты Тараптар бір-біріне мыналарға:

осындай салықтар мен алымдарды алудың әдістерін қоса алғанда, импорт кезінде (1 және 2-қосымшада санамаланған тауарларға қатысты) алынатын салықтар мен алымдарға;

кедендік ресімдеуге, транзитке, тасымалдауға, жинастыруға, қайта тиеуге және осы сияқты басқа қызметтерге қатысты ережелерге;

төлемнің әдістеріне және төлемдердің аударылуына;

импорттық лицензиялар беруге;

ішкі рынокта тауарларды сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлуге және пайдалануға байланысты ережелерге қатысты ең қолайлы режим ұсынады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері:

Тараптардың кез келгенінің Кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құру мақсатында не осындай одақ немесе аймақ құру нәтижесінде үшінші елдерге беретін басымдықтарға;

Тараптардың заңнамасына сәйкес дамушы елдерге берілетін басымдықтарға; шекара маңындағы сауданы жеңілдету мақсатында көрші елдерге берілетін басымдықтарға;

арнаулы келісімдерге сәйкес Тараптардың бір-біріне беретін басымдықтарға қатысты қолданылмайды.

### **3-бап**

Тараптар өзара саудада Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумақтарына/ аумақтарында тауарлардың экспорты/импорты кезінде оларды кедендік рәсімдеу сәтінде қолданыстағы тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) экспорты мен импортын лицензиялау және квоталау туралы олардың заңнамасына сәйкес тарифтік емес реттеу шараларын қолдануды сақтайды.

#### 4-бап

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы еркін сауда режимінен алып қоюлардың кезең-кезеңімен күшін жою кестесін Тараптар 2005 жыл ішінде өзара консультациялар негізінде келісетін болады.

#### 5-бап

Осы Хаттама Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді және 1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2005 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Өзбекстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

1997 жылғы 2 маусымдағы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі  
арасындағы Еркін сауда туралы  
келісімге Еркін сауда режимінен  
алып қоюлар туралы хаттамаға

1-қосымша

**Өзбекстан Республикасынан тауарлардың импорты  
кезінде еркін сауда режимінен Қазақстан  
Республикасының алып қоюына жататын тауарлардың  
тізбесі**

Атауы	С Э Қ коды	Т Н
Денатуратталмаған, кемінде 80 айн. % спирт концентрациясы бар этил спирті; этил спирті және кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге де спирттер	2207	
Арак	2208 60	

Сыйымдылығы 2 л және одан кем ыдыстардағы кемінде 80 айн. % спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті	2 2 0 8	9 0	9 1 0
Сыйымдылығы 2 л-ден жоғары ыдыстардағы кемінде 80 айн. %. спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті	2208 90 990		
Сигаралар, ұштары кесілген сигаралар, темекіден немесе оны алмастырғыштардан жасалған сигариллалар (жіңішке сигаралар) мен сигареталар	2402		

1997 жылғы 2 маусымдағы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі  
арасындағы Еркін сауда туралы  
келісімге Еркін сауда режимінен  
алып қоюлар туралы хаттамаға

2-қосымша

**Қазақстан Республикасынан тауарлардың импорты кезінде  
еркін сауда режимінен Өзбекстан Республикасының  
алып қоюына жататын тауарлардың тізбесі**

Атауы	С Э Қ коды	Т Н	
Денатуратталмаған, кемінде 80 айн. % спирт концентрациясы бар этил спирті; этил спирті және кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге де спирттер	2207		
Арак	2208 60		
Сыйымдылығы 2 л және одан кем ыдыстардағы кемінде 80 айн. % спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті	2 2 0 8	9 0	9 1 0
Сыйымдылығы 2 л-ден жоғары ыдыстардағы кемінде 80 айн. %. спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті	2208 90 990		
Сигаралар, ұштары кесілген сигаралар, темекіден немесе оны алмастырғыштардан жасалған сигариллалар (жіңішке сигаралар) мен сигареталар	2402		